




«Сиқырлы пішіндер»
әдістемелік құрал



УДК 374.2
ББК 74.100.5
А 90

Жалпы редакциясын басқарған педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Қонысбаева Т.Ж.

Әдістемелік көмекші құралды Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының
білім билімін мемлекеттік мекемесінің «№ 5 «Бала әлемі» ясли-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны ұсынған

«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Филыалы «Алматы
облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру
институтының» бағдарға ұсынған нұсқаулық негізінде әзірленді

Пікірші: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты Құшбақырова А.Б.

А - 90

Аскатова Назигуль Казытопна

Метшенева Алтын Даниировна

Сияқыры пішіндер (әдістемелік көмекші құрал). «№ 5 «Бала әлемі» ясли-
бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны. Семей қаласы:
«Zhardem» баспа компаниясы. – 2020 жыл. –48 бет.

ISBN 978-601-1007-22-1

Ұсынылып отырған «Сияқыры пішіндері» атты әдістемелік көмекші құралында
мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды оқытуға арналған ойын сабақтар топтамасы
жинақталған. Мектеп жасына дейінгі кіші жастағы балалардың танымдық
қабілеттерін жан – жақты дамыту, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту,
заттар мен құбылыстардың айырмашылықтарын мен ұқсастықтарын ажырата білу
үшін геометриялық пішіндерді қолданудың маңызы зор. Балбақшада геометрия
элементтерін оқытып үйретудің басты және аса маңызды нәтижесі – фигураларды бір-
бірінен ажырату және оларды тани білу іс-әрекетін меңгеру. Мектепке дейінгі кіші
жастағы балалардың техникалық шығармашылығын дамытуға геометриялық
пішіндер бір құрал болып табылатынына көз жеткізуге болады.

Көмекші құрал балбақша тәрбиешілеріне арналған.

ISBN 978-601-1007-22-1 УДК 374.2 ББК 74.100.5

© Аскатова Н.К., Метшенева А.Д.
© «Zhardem» BV RBO, 2020 жыл

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 5 «Бала әлемі» ясли-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының тәрбиешілері Аскатова Назигуль Казизовна мен Метшенова Алтын Даниярвнаның «Сықырлы пішіндер» атты әдістемелік көмекші құралына

ПІКІР

Ұсынылып отырған «Сықырлы пішіндер» атты әдістемелік көмекші құралында мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды оқытуға арналған ойын сабақтар топтамасы жинақталған. Мектеп жасына дейінгі кіші жастағы балалардың танымдық қабілеттерін жан – жақты дамыту, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту, заттар мен құбылыстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырата білу үшін геометриялық пішіндерді қолданудың маңызы зор. Балабақшада геометрия элементтерін оқытып үйретудің басты және аса маңызды нәтижесі – фигураларды бір-бірінен ажырату және оларды тани білу іс-әрекетін меңгеру. Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың техникалық шығармашылығын дамытуда геометриялық пішіндер бір құрал болып табылатынына көз жеткізуге болады. Көмекші құрал балабақша тәрбиешілеріне арналған.

Әдістемелік құралдағы ұйымдастырылған оқу қызметінің жазбаларындағы тапсырмалар баланың қабылдауына жеңіл, балалардың жас ерекшеліктеріне сай етіліп алынды. Ойындар, жаттығулар, көркем сөздер арқылы балалар көптеген заттардың қасиеттерімен таныса алады. Кіші жастағы балаларда айналасындағы заттармен таныстыру барысында, көп жағдайда олардың түсіне, пішініне көп көңіл аударту қажеттігі сабақ жазбалары арқылы беріледі.

Мектеп жасына дейінгі кіші жастағы балалардың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту, заттар мен құбылыстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырата білу үшін геометриялық пішіндерді қолданудың маңызы зор. Балабақшада геометрия элементтерін оқытып үйретудің басты және аса маңызды нәтижесі- фигураларды бір – бірінен ажырату және оларды тани білу іс әрекетін меңгеру.


Әдістемелік құрал «Таным» білім беру саласының Құрастыру бөліміне негізделген 18 сағатты құрайды. Әдістемелік құралдағы барлық жазбаларды құрастыру барысында мазмұны баланы қызықтыратындай, әрі балаға тапсырманы ойнап отырып орындайтындай мүмкіндіктер береді.

Кішкентай топтардағы құрастырудың қарапайым элементтерін дұрыс құрастыра білуі үшін, бала сол құрастыратын затының пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы сияқты қарапайым қасиеттерін жетік меңгеруі қажет. Осылайша бала өзі құрастыратын зат жайлы толық мағлұмат білсе, ол затты еркін өздігінен құрастыра алуға үйренеді. Уақыт өте келе, бала қарапайым құрастыру міндеттері мен мақсаттарын еркін меңгеріп, құрастырудың электронды қарапайым ойын құралдары арқылы құрастырудың жаңа түрлерін ойлап табуға машықтанады.


Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың техникалық шығармашылығын дамытуда геометриялық пішіндер бір құрал болып табылатынына көз жеткізуге болады. Аталған құрал балабақша тәрбиешілеріне арналған.

Түйіндей айтқанда, Назигуль Казизовна мен Алтын Даниярвнаның «Сықырлы пішіндер» атты әдістемелік көмекші құралыатты әдістемелік көмекші құралы мектепке дейінгі білім беру оқу-тәрбие бағдарламасы талаптарына толықтай сәйкеседі. Пікір әдістемелік көмекші құралды оқу үрдісіне енгізіп, баспаға ұсыну, сондай-ақ тәрбиешілердің жоғары біліктілік санатына лайық деп танылғаны үшін берілді.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің профессоры, «Академик С.Қалиев атындағы ғылыми-зерттеу орталығының» атқарушы директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты



Кұндақова А.Б.



Түсініктеме хат

Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қойылатын басты талаптардың бірі, баланың танымын, ойлау қабілеттерін жан-жақты дамыта отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, баланың тілдік қарым-қатынас нормаларын қоса жетілдіру болып табылады. Бала бір жақты ғана емес жан-жақты дамуы үшін қазіргі заман талабына сай педагог та үнемі ізденісте болуы шарт. Сапалы білім беру, қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру үрдісіне еніп жатқан инновациялық технологиялар мен әдістемелердің тиімді тұстарын іріктеп іс тәжірибеге қолдану үшін де педагог білімді әрі білікті болуы керек. Педагог үнемі ізденісте бола отырып, өзі жұмыс жасап жатқан топ балаларының мүмкіншіліктерін сай білім беруді жетілдіруі қажет. Осы орайда біз шығармашылық топ тәрбиешілері **«Сиқырлы пішіндер»** әдістемелік құралын құрастыруды жөн санадық.

«Сиқырлы пішіндер» әдістемелік құралы мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды оқытуға арналған ойын сабақтар топтамасы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі кіші жастағы балалардың танымдық қабілеттерін жан – жақты дамыту, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын ояту, заттар мен құбылыстардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырата білу үшін геометриялық пішіндерді қолданудың маңызы зор.

Әдістемелік құралдағы ұйымдастырылған оқу қызметінің жазбаларындағы тапсырмалар баланың қабылдауына жеңіл, балалардың жас ерекшеліктеріне сай етіліп алынды. Ойындар, жаттығулар, көркем сөздер арқылы балалар көптеген заттардың қасиеттерімен таныса алады. Кіші жастағы балаларда айналасындағы заттармен таныстыру барысында, көп жағдайда олардың түсіне, пішініне көп көңіл аударту қажеттігі сабақ жазбалары арқылы беруге тырыстық.

Әдістемелік құрал «Таным» білім беру саласының Құрастыру бөліміне негізделген 18 сағатты құрайды. Әдістемелік құралдағы барлық жазбаларды құрастыру барысында мазмұны баланы қызықтыратындай, әрі балаға тапсырманы ойнап отырып орындайтындай мүмкіндіктер береді.

Ойын – сабақтар барысындағы таңдалып алынған дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар балаларды қызықтырады деген ойдамыз. Балалар осы тапсырмаларды орындау арқылы дүниені танып үйренеді. Сенсорлық қабілеттерімен қатар балалар өлшем, кеңістікті бағдарлау, сапа, сан сияқты ұғымдармен де жете танысады.

Кішкентай топтардағы құрастырудың қарапайым элементтерін дұрыс құрастыра білуі үшін, бала сол құрастыратын затының пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы сияқты қарапайым қасиеттерін жетік меңгеруі қажет. Осылайша бала өзі құрастыратын зат жайлы толық мағлұмат білсе, ол затты еркін өздігінен құрастыра алуға үйренеді. Уақыт өте келе, бала қарапайым құрастыру міндеттері мен мақсаттарын еркін меңгеріп, құрастырудың электронды қарапайым ойын құралдары арқылы құрастырудың жаңа түрлерін ойлап табуға машықтанады.


Біздің алдымызға қойған мақсатымыз, балаларға кіші жастан бастап, құрастырудың қарапайым міндеттерін еркін меңгеріп, күрделі заттарды өздігінен құрастыруға үйреніп кетуге жаттықтыру. Баланың бойындағы қызығушылықты ерте жастан қалыптастыруды бастау. Танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту болып отыр.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары

- 1.Алаңқайдағы саңырауқұлақтар
- 2.Алаңқайдағы шырша мен саңырауқұлақ
- 3.Үй және ағаш.
- 4.Торғай
- 5.Балапан
- 6.Жүк машинасы.
- 7.Зымыран
- 8.Вагон сүйреткен паровоз.
- 9.Қоян
- 10.Қонжық
- 11.Мысық
- 12.Түлкі мен бауырсақ.
- 13.Адамның сұлбасы
- 14.Мұнара
- 15.Судағы балық
- 16.Аквариумдағы көңілді балықтар
- 17.Әдемі гүл
- 18.Қанқыз

Қолданылған әдебиеттер тізімі


№ 1 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Алаңқайдағы саңырауқұлақтар
Мақсаты	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, саңырауқұлақ туралы түсінік беру, пішіндерді дұрыс атай білуді үйрету, тапсырманы нақты және қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«алаңқай - поляна», «саңырауқұлақ - грибы»
Болжамды нәтиже	Білу керек; саңырауқұлақтар жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: саңырауқұлақты туралы біледі, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды.
	Істей біледі: саңырауқұлақ бөліктерін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (жарты дөңгелек, сопақша)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбері Шаттанып тұрайық жылы жүзбенен, Бізге келсін қуаныш нұр іздеген. Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз, Үлгі алсын көрген жан мына бізден.
1.3.	Ғажайып сәт. Топқа қолында себетті бар Қаламқастың келуі.
2. Негізгі бөлім	
2.1	Жағдаят Балалар, Қаламқас достарымен орманға саңырауқұлақ теруге барыпты Бірақ жанбыр жауып кетіп, саңырауқұлақ жинай алмапты Сендерден көмек сұрап келіпті? Көмектесейік пе Қаламқасқа (балалар жауаптары) Ондай болса жұмысқа кірісейік
2.2.	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (саңырауқұлақтарды) қарастыру -Саңырауқұлақтың басы қандай пішінге ұқсайды? (саңырауқұлақтың басы жарты шеңберге ұқсайды). -Саңырауқұлақтың діні қандай пішінге ұқсайды? (саңырауқұлақтың діні сопақша пішінге ұқсайды). Балалар, Қаламқастың себетін толтырып беру үшін осы саңырауқұлақтарды жасап көрейік. 
2.3	Сергіту сәті «Саңырауқұлақ» Орманда кірпі кездесті, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне керегі: Екуін қайың астынан, Біреуін терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке (балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру

	Балалар саңырауқұлақ жасау үшін алдымен жарты дөңгелек пішінді қоямыз. Бұл саңырауқұлақтың қалпағы. Енді осы қалпақшаның астына сопақша пішінді қоямыз - бұл саңырауқұлақтың діні. Міне балалар,біз саңырауқұлақ жасадық
2.5	Саусақ жаттығуы «Менің жанұям» Мынау менің атам, Мынау менің апам Мынау менің әкем, Мынау менің шешем. Ал мынау мен,міне- менің жанұям. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жасаған саңырауқұлақтарымызды Қаламқасқа сыйлайық , балалар.

№ 2 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Алаңқайдағы шырша мен саңырауқұлақ
Мақсаты	Балаларға геометриялық пішіндерден шырша мен саңырауқұлақ жасауға үйрету,мерекелік көңіл-күй сыйлау.Геометриялық пішіндерден әртүрлі заттар жасауға қызығушылықтарын арттыру.Қолдың саусақ қимылдарын дамыту,кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.
Сөздік жұмыс.	«Шырша – ёлка», «саңырауқұлақ- гриб»
Болжамды нәтиже	Білу керек: Шырша мен саңырауқұлақ жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: шырша мен саңырауқұлақ пішінін геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру.
	Істей біледі: шырша мен саңырауқұлақты геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу,көрнекілікті қарастыру,ғажайып сәт,шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (үшбұрыш,тіктөртбұрыш,сопақша,жарты дөңгелек)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер: Қуан,шаттан ! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!.
1.3.	
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз Шырша,шырша, шыршамыз, Тауда туып өсіпті. Шырша, шырша, шыршамыз, Бізге жасыл болып келіпті
2.2.	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (шырша мен саңырауқұлақты) қарастыру -Балалар, қалай ойлайсыңдар шырша мен саңырауқұлақты құрастыру үшін қандай геометриялық пішіндер керек? <i>(дөңгелек, үшбұрыш, жарты дөңгелек сопақша керек)</i>

	 - Шырша қандай пішінге ұқсайды? (шырша үшбұрышқа ұқсайды). - Шыршаның түсі қандай? (жасыл). - Шырша мен саңырауқұлақ қайда өседі? (орманда өседі) - Саңырауқұлақтың қалпағы қандай пішінге ұқсайды?(жарты дөңгелекке ұқсайды) -Түсі қандай? (қоңыр). -Саңырауқұлақтың діні қандай пішінге ұқсайды?(сопақша пішінге ұқсайды) -Саңырауқұлақтың дінінің түсі сары.
2.3	Сергіту сәті « Саңырауқұлақ» Саңырауқұлақ,саңырауқұлақ, Басында қалпағы бар. Ормандағы жәндіктерге, Жауын жауса пана болар (балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші біз шыршаны жасаймыз. Ол үшін кішкене үшбұрышты қоямыз. Екінші оның астына орташа сары түсті үшбұрышты түйістіріп қоямыз. Үшінші үлкен жасыл түсті үшбұрышты сары түсті үшбұрыштың астына түйістіріп қоямыз. Енді осы үлкен үшбұрыштың астына тіктөртбұрышты қоямыз.Бұл шыршаның діні. Бұл шырша. Енді саңырауқұлақты құрастырамыз. Алдымен саңырауқұлақтың қалпағын жарты шеңбер қойып жасаймыз. Жарты шеңбер астына сопақша қоямыз. Бұл саңырауқұлақтың діні. Міне біздің саңырауқұлақ дайын болды.
2.5	.Саусақ жаттығуы «Он саусақ» Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ икемді, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды , Жүгіртеді қаламды. Он саусағым өнерлі, Қала салсақ,үй салсақ. (саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

№ 3 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі


Тақырыбы	Үй және ағаш.
Мақсаты	Балаларды пішіндермен (үшбұрыш ,тіктөртбұрыш,шаршы,дөңгелекпен)

	таныстыру, үйді және ағашты геометриялық пішіндерден құрауға үйрету, Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қызығушылықтарын арттыру.
Сөздік жұмыс.	«Үй - дом», «Ағаш-дерев»
Болжамды нәтиже	Білу керек: Үй және ағаш туралы білу керек. Қалыптасқан әдет: Үйді, ағашты геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру. Істей біледі: үйді және ағашты геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге. Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Өңгімелесу Балалар, бүгін біз сендермен әдемі үй құрастырамыз. Олай болса айтыңдаршы қандай үйлерді сендер білесіңдер? (<i>үлкен, кішкентай, көпқабатты, әдемі т.б. үйлер болады</i>) -Жақсы, балалар, ондай болса бүгін біз әдемі жер үй құрастырамыз
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (үйді) қарастыру -Балалар үй қандай геометриялық пішіндерден құрастырылған? (<i>үй тіктөртбұрыш, үшбұрыш және шаршыдан құрастырылған</i>)  -Үйдің маңайында не бар? (<i>үйдің маңайында ағаш бар, күн бар</i>) -Ағаш қандай геометриялық пішіндер көмегімен құрастырылған? (<i>ағаш тіктөртбұрыш пен дөңгелектен құрастырылған</i>). -Күніміз қандай пішінге ұқсайды екен? (<i>күніміз дөңгелек пішінге ұқсайды</i>).
2.3.	Сергіту сәті «Ағаш» Отырғыздым ағашты, Ағаш биік өседі Бұтақтары жайқалып, Ән салады шатанып. (<i>балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды</i>)
2.4.	Жұмыс тәртібін түсіндіру Бірінші, балалар, біз үйді құрастырамыз. Ол үшін тіктөртбұрышты қоямыз - бұл үйдің қабырғасы. Үшбұрыш пішінді аламыз, үйдің қабырғасының үстіне қоямыз- бұл үйдің шатыры. Енді үйдің терезесін қоямыз, ол үшін шаршыны аламыз, тіктөртбұрыштың (үйдің қабырғасына) тең ортасына қоямыз. Үйді құрастырдық. Ағаштың дінін тіктөртбұрыштан, ал ағаштын тәжін дөңгелек көмегімен құрастырамыз. Дөңгелекті алып тіктөртбұрыштың үстіне қоямыз, ағаш дайын. Күнді үй шатырының жоғарғы жағына орналастырамыз. Біздің

	жұмы дайын міне-ки.
2.5	Саусақ жаттығуы Бас бармағым, бауға барды. Сұқ саусағым ,суға барды. Орған саусақ ,орақ орып, Аты жоғым, ағаш жарды. Жұмсамапты алақаным, Тек кішкентай шынашақты. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

№ 4 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Торғай
Мақсаты	Балаларды құс түрлерімен таныстыру,геометриялық пішіндер көмегімен торғайдың сұлбасын жасауды үйрету.Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,қызығушылықтарын арттыру.Табғатты аялай білуге ,құстарға қамқор болуға тәрбиелеу..
Сөздік жұмыс.	«Торғай - воробей», «Тұмсық- клюв»
Болжамды нәтиже	Білу керек: құстар жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: торғай пішінін геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру.
	Істей біледі: торғайды геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру,ғажайып сәт,шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек,үшбұрыш,,сопақша,)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер: Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері. Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.
1.3.	Ғажайып сәт. Торғайдың ұшып келуі.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ.
2.2.	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (торғайды) қарастыру -Балалар, қалай ойлайсыңдар торғайды құрастыру үшін қандай геометриялық пішіндер керек? <i>(дөңгелек, үшбұрыш, сопақша керек)</i>



	- Торғайдың басы қандай пішінге ұқсайды? (торғайдың басы дөңгелекке ұқсайды). - Тұмсығы қандай пішінге ұқсайды? (тұмсығы үшбұрышқа ұқсайды). -Торғайдың денесі қандай пішінге ұқсайды? (денесі сопақшаға ұқсайды) -Қанаттары қандай пішінге ұқсайды?(қанаттары дөңгелекке ұқсайды) -Аяғы, құйрығы қандай пішінге ұқсайды? (аяғы мен құйырығы үшбұрышқа ұқсайды).
2.3	Сергіту сәті «Торғай» Торғай,торғ ай,торғайым, Таяу келіп қонғайсың. Жем шашаайын тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші торғайдың денесін сопақша пішінді қоямыз. Торғайдың басын дөңгелек пішінді сопақшаға түйістіріп қоямыз . Тұмсығын келтіру үшін үшбұрыш пішінді алып, торғайдың басына, яғни дөңгелекке түйістіріп қоямыз. Көзін жасау үшін үлкен дөңгелектің ортасына кішкене дөңгелекті орналастырамыз. Қанаттарын торғайдың денесіне,яғни сопақшаның үстіне дөңгелекті қоямыз. Аяқтарын торғайдың сопақшаның астыңғы жағына үшбұрыш пішінді қоямыз. Құйрығын жасау үшін үшбұрыш пішінді керек. Міне біздің торғайымыз дайын болды.
2.5	Көркем сөз «Торғай ағаш қорғайды» Шыр- шыр еткен торғайды, Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар, Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды.
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау.

№ 5 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Балапан
Мақсаты	Балаларға үй құстары жайлы түсінік беру,бейненің жеке бөліктерін құрау арқылы композиция жасауға үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру,қызығушылықтарын арттыру.Балаларды үй құстарына қамқор болуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Балапан- цыплёнок», «Тұмсық- клюв»
Болжамды нәтиже	Білу керек Үй құстары жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет балапан пішінін геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру.
	Істей біледі: балапанды геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш, жарты дөңгелек, сопақша, тіктөртбұрыш)
1.Кіріспе бөлім	

1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Аула ішінен қызыл тауық, Қазып-қазып дәнді тауып. Ойлаған соң бала қамын, -Қыт-қыт,қыт қыт, Қыт -қыт,қыт-қыт, Сен шық,сен шық! Тез шық , тез шық!- деп шақырды балапанын.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Ғажайып сәт. Балапанның келуі. -Балалар, балапанға достарын тауып берейік
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (балапанды) қарастыру Геометриялық пішіндерді дұрыс атау -Балалар ,балапан қандай геометриялық пішіндерден құралған? <i>(үшбұрыш, дөңгелек,сопақша,тіктөртбұрыштан)</i> -Балапаның басы қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке).</i> -Тұмсығы қандай пішінге ұқсайды ? <i>(үшбұрышқа)</i> -Көзі қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке)</i> -Денесі қандай пішінге ұқсайды? <i>(сопақшаға)</i> -Қанаттары қандай пішінге ұқсайды? <i>(жарты дөңгелекке)</i> -Аяқтары қандай пішінге ұқсайды? <i>(тіктөртбұрышқа)</i>
	
2.3.	Сергіту сәті «Шөжелерім» Шөп- шөп , шөп-шөп шөжелерім, Сары алтындай балапаным. Тез жетіндер,жем беремін, Дөңге толы алақаным. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бүгін біз геометриялық пішіндер көмегімен балапанды құрастырамыз. Бірінші сопақша сары түсті пішінді қоямыз – бұл балапаның денесі Екінші дөңгелек пішінді алып, сопақшаға түйістіріп қоямыз –міне балапаның денесі мен басы шықты Енді қызыл түсті үшбұрышты аламыз, балапанның басына жақындатып қоямыз- бұл балапаның тұмсығы болады. Балапаның көзін жасау үшін кішкене дөңгелекті аламыз, үлкен дөңгелектің, яғни балапаның басының ортасына қоямыз Балапаның қанаттарын қызыл түсті жарты дөңгелек көмегімен құрастырамыз, ол үшін жарты дөңгелекті аламыз, балапанның денесіне қоямыз, нақтырақ айтсақ сопақшаның үстіне орналастырамыз- бұл қанаты. Аяқтарын тіктөртбұрыштан құраймыз. Міне біздің әдемі балапанымыз дайын болды
2.5.	Саусақ жаттығуы «Су ішкен құстар» Су құйып ем астауға, Қаз келіп ішіпті, Үйрек келіп ішіпті, Күрке тауық кеп ішті, Барлығы сусын қандырып.

	Мәз-мейрам боп тарасты <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Балалардың өздік әрекеттері Жұмыс барысында жекеленген балаларға көмек көрсету
Қорытынды.	Көрме ұйымдастыру.


№ 6 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Жүк машинасы.
Мақсаты	Балаларды көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, дайын пішіндерден жүк көлігін құрауға үйрету. Саусақтың ұсақ моторикасын арттыру. Қызығушылықтарын арттыру.
Сөздік жұмыс.	«Жүк машинасы- грузовая машина», «жол- дорога»
Болжамды нәтиже	Білу керек; жүк көлігі жайлы білу керек. Қалыптасқан әдет: жүк көлігі жерде жолмен жүретінін біледі, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды. Істей біледі: жүк көлігін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, тіктөртбұрыш, шаршы)
1.Кіріспе бөлім	Ұйымдастыру кезеңі
1.1.	Шаттық шеңбері Сәлем саған, алтын күн! Сәлем саған, көк аспан! Сәлем саған, жер ана! Сәлем саған, сәлем саған, Сәлем маған!
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз. Төрт аяғы дөңгелек Адамсыз ол жүрмейді Қаласақ егер біз апарады Барлық жерге жеткізіп <i>(машина)</i>
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (машинаны) қарастыру Геометриялық пішіндерді дұрыс атау Балалар, машинада нелері бар? <i>(машинада кабинасы бар, кузовы, дөңгелектері бар)</i> Дұрыс, балалар, кабина, кузов, дөңгелектер- машинаның бөлшектері. Балалар, мұхият қарандаршы. Машинаның кабинасы қандай пішінге ұқсайды? <i>(машинаның кабинасы тіктөртбұрышқа ұқсайды)</i> Дөңгелектері қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке).</i> Ал, машинаның терезесі қандай пішінге ұқсайды? <i>(машинаның терезесі шаршыға ұқсайды)</i> 
2.3	Сергіту сәті Сергіту сәті «Еңбек»

	Еңбек еттік, еңбек еттік, Қап-қап астық алдық біз. Еңбек еттік, еңбек еттік Тау- тау астық алдық біз <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, жүк көлігін құрау үшін алдымен кабинасын қоямыз. Ол үшін біз бірінші қысқа тіктөртбұрышты алып көлденен қоямыз, жоғары жағына шаршыны қоямыз- машинаның кабинасы дайын. Енді ұзын тіктөртбұрышты аламыз, машинаның кабинасына түйістіріп қоямыз – бұл машинаның кузовы Келесі бөлшектер- ол машинаның доңғалақтары. Доңғалақтарын құрастыруға бізге геометриялық пішін- дөңгелек қажет. Дөңгелектерді аламыз, орынына қоямыз. Міне біздің жүк машинамыз дайын болды.
2.5	Саусақ жаттығуы «Он саусақ» Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ икемді, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды , Жүгіртеді қаламды. Он саусағым өнерлі, Қала салсақ,үй салсақ. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Көрме ұйымдастыру.

№ 7 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Зымыран
Мақсаты	Балалардың көлік түрлері туралы білімдерін бекіту,аспан денелерін ажырата білуге үйрету,зымран бөлшектерін рет-ретімен орналастыра білуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Зымыран - ракета», «аспан- небо»
Болжамды нәтиже	Білу керек; зымыран әуе көлігі жайлы білу керек. Қалыптасқан әдет: зымыран әуе көлігі екенін біледі,берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды. Істей біледі: зымыран бөлшектерін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу,көрнекілікті қарастыру,ғажайып сәт,шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек,үшбұрыш,тіктөртбұрыш)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Көркем сөз Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз. Бұл не, балалар? <i>(зымыран)</i>
2 .Негізгі бөлім	

2.1	Кіріспе әңгіме -Балалар ,зымыран қайда ұшады? <i>(зымыран аспанда ұшады)</i> -Балалар,сендер ғарышкер болғыларың келе ме? <i>(балалар жауаптары)</i> -Ғарышкер немен ұшады аспаңға? <i>(ғарышкер аспаңға зымыранмен ұшады)</i> Ондай болса, балалар, біз бүгін геометриялық пішіндер көмегімен зымыран құрастырамыз
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (зымыранды) қарастыру Геометриялық пішіндерді дұрыс атау Балалар, зымыранда нелері бар? Атап көрейік <i>(зымыранда тұмсығы, қанаттары, корпусы, терезелері бар)</i> Балалар, зымыран қандай пішіндерден құралған? <i>(үшбұрыштан, тіктөртбұрыштан, дөңгелектен)</i> Зымыранның корпусы қандай пішінен құралған <i>(тіктөртбұрыштан)</i> Үшбұрыштардан зымыранның қандай бөлшегі құралған? <i>(тұмсығы мен қанаттары)</i> Зымыранның терезелері қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке).</i> Балалар, зымыран манайындағы үлкен және кішкентай сопақшалар зымыранның көленкесі деп айтуымызға болады 
2.3	Сергіту сәті. Аспан,аспан,арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шаламын, Мен ғарышкер боламын <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру -Балалар, бірінші зымыран құрау үшін тіктөртбұрыш пішінді қоямыз- ол зымыранның корпусы Осы тіктөртбұрыштың жоғарғы жағына үшбұрышты қоямыз- бұл зымыранның тұмсығы. Енді тіктөртбұрыштың төменгі екі жағына екі қызыл түсті үшбұрыштарды қоямыз, бұл зымыранның қанаттары болады Тоқсары түсті үшбұрышты алып, тіктөртбұрыштың төменгі жағына қоямыз- бұл зымыранның құйрығы болады Зымыранның терезелерін біз дөңгелектер көмегімен құрастырамыз: тіктөртбұрыштың үстігі жағына – сары дөңгелекті, оның астына жасыл түсті дөңгелекті қоямыз. Бұл зымыранның терезелері. Міне біздің зымыранымыз дайын болды
2.5	Саусақ жаттығуы «Сәлемдесем». Сәлемдесем таңда мен, Кезіккен бәр адаммен. Ауладағы тауықпен де, Амандасам «сәлем»-деп. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>

2,6	Балалардың өздік әрекеттері Жұмыс барысында жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау.


№ 8 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Вагон сүйреткен паровоз.
Мақсаты	Балаларды көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, 2-3бөліктерден тұратын түрлі заттарды орналастыруды үйрету.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Төзімділікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Пойыз- поезд», «жол- дорога»
Болжамды нәтиже	Білу керек; жүк көлігі жайлы білу керек. Қалыптасқан әдет: пойыз арнайы жасалған шойын жолмен жүретінін біледі,берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды. Істей біледі: вагондар мен пойызды геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек,тіктөртбұрыш,)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбері. Бір шаңырақ астында, Тату- тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз, Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз! <i>(балалар шаттық шеңбердің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз Пойыз, пойыз Судай жаңа, Жылтырайды шынымен. Не бар екен пойызда? Қөңілді бар вагондар Дөңгелектері бар көптеген Міне, осындай пойызды Құрастырып көрейік
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (вагон сүйреткен паровоз) қарастыру. Геометриялық пішіндерді дұрыс атау -Балалар ,мынау не? - <i>(бұл пойыз)</i> . -Балалар пойыздың нелері бар? - <i>(пойыздың вагондары бар).</i> -Пойыздың тағы несі бар? - <i>(пойыздың дөңгелектері бар).</i> -Пойыз қалай жүреді? <i>(дүк –дүк,дүк-дүк деп жүреді).</i> - Балалар, пойызда көңілді вагондары, көптеген дөңгелектері бар. Балалар, пойыз бөлшектері қандай геометриялық пішіндерден құрастырылған? <i>(тік төртбұрыштардан және дөңгелектерден)</i> Дұрыс айтасыздар, балалар. Ондай болса пойыз бен вагондарын геометриялық пішіндер көмегімен құрастырып көрейік


	
2.3.	Сергіту сәті «Поезд» Міне біздің пойыз келеді, Дөңгелектері тарсылдап. Біздің пойызға балалар отырады. Пуп –чук - чук, пуп- чук -чук. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4.	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар пойызды құрау үшін алдымен тіктөртбұрыш пішінді қоямыз, Вагондарды да тіктөртұрыш пішінен жалғаймыз. Енді доңғалақтарына дөңгелек пішіндерді қоямыз. Міне біздің вагон сүйреткен пойызымыз дайын болды
2.5	Саусақ жаттығуы «Анам тамақ пісірді» Анам тамақ пісірді Балаларға ұсынды. Ерболға берді, Жанарға берді, Балнұрға берді, Маралға берді Ал Асанға берген жоқ. Себебі ол ыдысты, Шағып алып құрысты. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

№ 9 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Қоян
Мақсаты	Қоян туралы түсініктерін нақтылау, қоянның дене бөліктерін атай білуді үйрету, оларды қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Қоян- заяц», «ұзын - длинный»
Болжамды нәтиже	Білу керек; қоян жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: қоян туралы біледі, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды.
	Істей біледі: қоянның дене бөліктерін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбері

	Сәлем саған ,алтын күн! Сәлем саған,көк аспан! Сәлем саған ,жер ана! Сәлем саған,сәлем маған!
1.3.	Ғажайып сәт. Қоянның қонаққа келуі.. Қоянға достар тауып беру
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (қоянды) қарастыру. Геометриялық пішіндерді дұрыс атау -Балалар ,мынау не? – (бұл қоян) -Балалар ,қоянның несі бар? (қоянның басы, құлағы ,көзі, аяқтары , құйрығы бар) -Қоянның құлағы қандай? (қоянның құлағы ұзын). -Қоян қандай пішіндерден құралған? (сопақша мен дөңгелек пішіннен). 
2.2.	Сөздік ойын «Ойды аяқта» Қоян көлеңкесінен ... (қорқады) Ай жарық, қоян... (арық) Қашқан қоян жатқан қоянды ала... (кетеді).
2.3.	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар қоянды құрау үшін алдымен сопақша пішінді қоямыз. Бұл қоянның денесі. Енді дөңгелек пішінен қойып басын келтіреміз. Басының үстіңгі жағына сопақша пішінен құлақтарын жасаймыз. Кішкентай дөңгелек пішіндерден көз, аяқтарын және құйрығын жасаймыз. Міне біздің әдемі қоянымыз дайын болды
2.4	Сергіту сәті « Сұр қоян» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы- қырлы жерлермен, Ытқып- ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің, Келе жатқан томпандап, Көжегі екен өзінің(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.5	Саусақ жаттығуы Бала, бала, балақан. Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнап(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау, қоянды қайтару


№ 10 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Қонжық
Мақсаты	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін нақтылау, қонжықтың дене бөліктерін атай білуді үйрету, оларды қағаз бетіне дұрыс орналастырауға үйрету. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. Кеңестікті бағдарлай білуге және қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.
Сөздік жұмыс.	«Қонжық- медвежонок.»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Жабайы жануарлар жайлы білу керек. Қалыптасқан әдет: қонжықты геометриялық пішіндерден құрастыруға дағдыландыру. Істей біледі: геометриялық пішіндер көмегімен жануарлардың бейнесін құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш)
1. Кіріспе бөлім	.
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз,
2. Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз «Аю» Томпаң-томпаң жүретін, Аю үлкен жануар. Балды жақсы көретін, Аю деген жануар.
2.2,	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгі (қонжықты) қарастыру. -Балалар, қонжықты жасау үшін бізге қандай геометриялық пішіндер керек? (шаршы, дөңгелек, үшбұрыш)  Қонжықтың басы қандай пішінге ұқсайды? (қонжықтың басы дөңгелекке ұқсайды). -Қонжықтың құлағы қандай пішінге ұқсайды? (қонжықтың құлағы дөңгелек пішінге ұқсайды). -Қонжықтың денесі қандай пішінге ұқсайды? (денесі шаршыға ұқсайды) -Қолдары қандай пішінге ұқсайды? (қолдары дөңгелекке ұқсайды) -Аяғы, қандай пішінге ұқсайды? (аяғы үшбұрышқа ұқсайды).
2.3	Сергіту сәті «Ормандағы аю» Біз орманға бардық, Жидек теріп алдық. Оң қалтаға салдық,

	Сол қалтаға салдық. Қорбандаған аюды, Көре сала қаштық. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші қонжықтың денесін шаршы пішінді қоямыз. Қонжықтың басын дөңгелек пішінді шаршыға түйістіріп қоямыз . Құлағын келтіру үшін дөңгелек пішінді алып, қонжықтың басына, яғни дөңгелектің екі жағына түйістіріп қоямыз. Қолдарын қонжықтың денесіне,яғни шаршының үстіңгі бөлігіне екі жағына екі дөңгелекті қоямыз. Аяқтарын қонжықтың шаршының астыңғы екі жағына үшбұрыш пішінді қоямыз. Міне біздің қонжығымыз дайын болды.
2.5	Саусақ жаттығуы «Сәлемдесем». Сәлемдесем таңда мен, Кезіккен бәр адаммен. Ауладағы тауықпен де, Амандасам «сәлем»-деп. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

№ 11–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Мысық
Мақсаты	Балаларды үй жануарлары жайлы түсініктерін бекіту. Геометриялық пішіндер көмегімен мысықтың сұлбасын жасауды үйрету.Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,қызығушылықтарын арттыру. Табғатты аялай білуге , жануарлаға қамқор болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Мысық - кошка»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Үй жануарлары жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: мысық пішінін геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру.
	Істей біледі: мысық геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу,көрнекілікті қарастыру,ғажайып сәт,шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек,.үшбұрыш)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер: Ортақ,мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы- Достығымыз жарасқан.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз. Жұмбақ. Беті- қолын жуады, Тышқандарды қуады. Тазалықты сақтайды, Апам оны мақтайды. <i>(мысық)</i>
2.2.	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (мысықты) қарастыру

	-Балалар, қалай ойлайсыңдар мысықты құрастыру үшін қандай геометриялық пішіндер керек? (дөңгелек, үшбұрыш керек)  - Мысықтың басы қандай пішінге ұқсайды? (мысықтың басы дөңгелекке ұқсайды). - Құлағы қандай пішінге ұқсайды? (құлағы үшбұрышқа ұқсайды). -Мысықтың денесі қандай пішінге ұқсайды? (денесі үшбұрышқа ұқсайды) -Құйрығы қандай пішінге ұқсайды?(құйрығы үшбұрыш пішінге ұқсайды) -Мысықтың түсі қандай? (қоңыр)
2.3	Сергіту сәті «Мысық» Біздің үйде мысық бар, Құйрығымен шаң қағар. Көзі бадырақ, Мұртты ұзын. Сен, мысығым ерінбе, Тышқандарды барып ізде.
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші мысықтың басын жасау үшін дөңгелек пішінді қоямыз. Мысықтың басына кішкене үшбұрыштарды түйістіріп қоямыз .Бұл құлағы. Енді үлкен үшбұрышты дөңгелектің астына қоямыз. Бұл мысықтың денесі. Осы үлкен үшбұрыштың оң жағына тағы үшбұрыш қоямыз.Бұл құйрығы. Міне біздің мысығымыз дайын болды.
2.5	Көркем сөз «Мысық» Мысық сүтке тояды, Қарнын сипап қояды. Жүрісі оның баяу, Дейд мысық мяу- мяу..
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

№ 12 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі


Тақырыбы	Түлкі мен бауырсақ.
Мақсаты	«Бауырсақ» ертегісін еске түсіріп,кейіпкерлерін есте сақтауға , оларды геометриялық пішіндер көмегімен қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыружәне қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Ұқыпты болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Түлкі- лица», «Бауырсақ –колобок.»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Ертегі кейіпкерлерін білу керек. Қалыптасқан әдет: геометриялық пішіндер көмегімен бауырсақ пен түлкіні құрастыруға дағдыландыру. Істей біледі: геометриялық пішіндер көмегімен түлкі мен бауырсақ жасауды біледі.
Көрнекілік	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту

материалдар	сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Біз әдепті баламыз, Толысады ой санамыз. Жасы үлкенді құрметтеп, Кішіге ізет қыламыз. Жатырқауды білмейміз. Жалқаулықты сүйеііз. Арайланған әрбір таң, Біз үшін күлкішат думан!
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз. Жұмбақ. Өзі айлакер,өзі қу, Жүрген жері айқай,шу. Бұл не екен, балалар? (түлкі)
2.2,	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгі (бауырсақ пен түлкіні) қарастыру. -Балалар, түлкі мен Бауырсақ қай ертегінің кейіпкерлері? (Бауырсақ ертегісі) -Балалар, түлкіні мен бауырсақ жасау үшін бізге қандай геометриялық пішіндер керек?(дөңгелек, үшбұрыш) -Балалар.түлкінің түсі қандай?(тоқсары) -Түлкі қандай аң? (айлакер, қу аң) Түлкінің басы қандай пішінге ұқсайды? (түлкінің басы үшбұрышқа ұқсайды). -Түлкінің құлағы қандай пішінге ұқсайды? (түлкінің құлағы үшбұрышқа пішінге ұқсайды). -Түлкінің денесі қандай пішінге ұқсайды? (денесі үшбұрышқа ұқсайды.) -Түлкінің көзі қандай пішінге ұқсайды?(дөңгелек) -Құйрығы қандай пішінге ұқсайды?(құйрығы үшбұрышқа) -Бауырсақ қандай пішінге ұқсайды?(дөңгелек пішінге ұқсайды.)
2.3	Сергіту сәті «Бауырсақ» Бауыр,бауыр ,бауырсақ, Сенің бетің домалақ. Сенің дәмің тәп- тәтті, Абайлашы, сақ болшы!.
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші түлкінің денесін тоқсары түсті үлкен үшбұрыштан жасаймыз. Түлкінің басын осы үшбұрышқа түйістіріп тағы үшбұрыш пішінді қоямыз Құлағын келтіру үшін үшбұрыш пішінді алып, түлкінің басына, яғни үлкен үшбұрыштың үстіне екі кішкене үшбұрышты қоямыз.

	Түлкінің көзін екі көк түсті кішкене дөңгелектерді басына қоямыз.. Түлкінің тұмсығы кішкене дөңгелектен жасаймыз. Түлкінің құйрығын жіңішке етіп қиылған үшбұрышты қоямыз Бауырсақ жасау түлкінің тұмсығының үстіне сары дөңгелек қоямыз. Бауырсағымыз әдемі болу үшін оған көз,ауыз жасаймыз. Міне біздің «Бауырсақ»ертегісінің кейіпкерлері дайын болды.
2.5	Саусақ жаттығуы Бала, бала, балақан. Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнап <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Балалардың іс-әрекетке қызығушылығын арттырып, көмек қолын ұсыну.
3. Қорытынды.	.Сұрақ -жауап. -Балалар бүгін біз «Бауырсақ» ертегісіндегі қандай кейіпкерлерді жасадық? <i>(бауырса,түлкі)</i> - Түлкі қандай аң? <i>(айлакер,қу аң)</i>Жұмыстарды тамашалау


№ 13 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Адамның сұлбасы
Мақсаты	Балаларға адам денесі туралы түсінік беру.Дене мүшелерін дұрыс атауға және геометриялық пішіндер көмегімен адам дене мүшесін құрастыруға үйрету.Кеңестікті бағдарлауға,пішіндерді дұрыс орналастыруға дағдыландыру.
Сөздік жұмыс.	«Бас- голова», «Дене-туловище»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Адам денесі туралы білу керек. Қалыптасқан әдет:адам денесін геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру. Істей біледі:адам денесін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу,көрнекілікті қарастыру,ғажайып сәт,шаттық шеңбері,сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (дөңгелек,тіктөртбұрыш,сопақша, үшбұрыш)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер -Сәлем саған,алтын күн! <i>(қолдарын жоғары көтереді)</i> -Сәлем саған,көк аспан!<i>(қолдарын жандарына жаяды)</i> -Сәлем саған,жер ана! <i>(қолдарын төмен түсіреді)</i> -Сәлем саған ,сәлем маған!<i>(бір-біріне қарайды)</i>
1.3.	Ғажайып сәт. Қуыршақ Айгерімнің қонаққа келуі
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Азқозғалмалы ойын «Тез ата, дұрыс көрсет» Балалар, барлығымыз мұқият боламыз. Мен қазір дене мүшелерді атаймын, сендер мен атаған дене мүшесін көрсетесіңдер. <i>(ойын барысында балалар аталған дене мүшесін көрсетеді)</i>
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (адамның сұлбасын) қарастыру Геометриялық пішіндерді дұрыс атау. -Балалар адам сұлбасы қандай геометриялық пішіндерден құралғанның қарап атайық. -Басы қандай пішінге ұқсайды? <i>(басы дөңгелекке ұқсайды).</i> -Денесі қандай пішінге келеді? <i>(денесі тіктөртбұрышқа келеді)</i> -Қолдары қандай пішінге ұқсайды ? <i>(қолдары сопақшаға ұқсайды)</i>

	-Аяқтары қандай пішінге ұқсайды? (аяқтары үшбұрышқа ұқсайды) 
2.3.	Сергіту сәті «Қуыршақ». Жуын десек жуынбайды, Бұл не деген қуыршақ? Тығыл десек тығылмайды, Бұл не деген қуыршақ? Қуыршағым қаз-қаз, Қыдырайық аз-мәз(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, адам сұлбасын құрастыру үшін бізге геометриялық пішіндер керек. Адамның денесін- тіктөртбұрыштан жасаймыз. Қағаздың ортасына тіктөртбұрышты қояйық. Дөнгелекті алып тіктөртбұрыштың үстіне қоямыз- бұл адамның басы. Келесі сопақшаларды аламыз, олардаң адамның аяқтарын жасаймыз, тіктөртбұрыштың астына қою арқылы. Сопақшалардың астына жіңішке тіктөртбұрыштарды алып қоямыз, міне-ки аяқтармыз дайын. Қолдарын тіктөртбұрыштар және шаршы көмегімен құрастырамыз. Басына үшбұрыштан бас киім жасап қояйық. Енді міне адам сұлбасын толық жасадық
2.5	Саусақ жаттығуы «Анам тамақ пісірді» Анам тамақ пісірді Балаларға ұсынды. Ерболға берді, Жанарға берді, Балнұрға берді, Маралға берді Ал Асанға берген жоқ. Себебі ол ыдысты, Шағып алып құрысты. (саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Көрме ұйымдастыру. Қуыршақ Айгерімнің қайтуы.

№ 14 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі


Тақырыбы	Мұнара
Мақсаты	Балаларды геометриялық пішіндер көмегімен жұмыс жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балаларды әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Мұнара- башня».
Болжамды нәтиже	Білу керек: мұнара туралы білу керек. Қалыптасқан әдет: мұнараны геометриялық пішіндер көмегімен

	құрастыруды дағдыландыру. Істей біледі: геометриялық пішіндер көмегімен мұнара құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (тіктөртбұрыш,үшбұрыш сопақша.)
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз!
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз Қандай үй тұр, тамаша Көз тоймайды қараса Зәулім үй керемет Қане құрайық бәріміз
2.2.	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгі (мұнараны) қарастыру. -Балалар, мынау мұнара  -Балалар, мұнара жасау үшін бізге қандай геометриялық пішіндер керек? (тіктөртбұрыш, үшбұрыш, сопақша) -Мұнараның қабырғасы қандай пішінге ұқсайды? (мұнараның қабырғасы тіктөртбұрышқа ұқсайды) -Үлкен қабырғасының үстіндегі кішкентай қабырғасы қандай пішінге ұқсайды? (тіктөртбұрышқа ұқсайды) -Мұнараның шатыры қандай пішінге ұқсайды?(мұнараның шатыры үшбұрышқа ұқсайды.) -Мұнараның терезесі қандай пішінге ұқсайды? (мұнараның терезесі сопақшаға ұқсайды.)
2.3	Сергіту сәті «Бой сергітіп алайық» Ал балалар,тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып. Бір отырып,бір тұрып, Бой сергітіп алайық(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру. Бірінші балалар,мұнараның қабырғасын жасау үшін тіктөртбұрыш қоямыз Осы тіктөртбұрыштың үстіне кішкене тіктөртбұрыш қоямыз Терезесін келтіру үшін сопақша пішінді көлденеңінен кішкене тіктөртбұрыштың үстіне қоямыз. Шатырын жасау үшін кішкене тіктөртбұрыштың үстіне күлгін түсті үшбұрышты орналастырамыз. Екі жағындағы бағаналарды жасау үшін тіктөртбұрыш пішінді тігінен қойып оның үстіне үшбұрыш пішінді қоямыз. Міне біздің бағаналары мен мұнарамыз дайын болды.


2.5	Саусақ жаттығуы «Он саусақ» Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ икемді, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды , Жүгіртеді қаламды. Он саусағым өнерлі, Қала салсақ, үй салсақ. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау. -Балалар, бүгін біз не жасадық? <i>(мұнара)</i> -Мұнара жасауға қандай геометриялық пішіндерді қолдандық? <i>(тік төртбұрыш, үшбұрыш, сопақша)</i>

№ 15–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Судағы балық
Мақсаты	Балаларға балық туралы түсініктерін қалыптастыру. балықтар суда өмір сүретіні жайлы айтып түсіндіру. балықтың дене бөліктерін атай білуді үйрету, оларды қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Сөздік жұмыс.	«балық-рыба», «желбезек -жабры»
Болжамды нәтиже	Білу керек: балық жайлы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: балық туралы біледі, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды.
	Істей біледі: балықтың дене бөліктерін геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (үшбұрыш, сопақша)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбері Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз. Сәлем, сәлем, сәлем
1.3.	Көркем сөз. Жұмбақ жасыру Аузы бар тілі жоқ, Терісі бар жүні жоқ. Жүрегі бар ізі жоқ, Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды Бұл не? <i>(балық)</i>
2. Негізгі бөлім	

2.1	Сұрақ – жауап. -Балық қайда өмір сүреді? <i>(балық суда өмір сүреді, мекендейді)</i> -Балықтар қандай болады? <i>(балықтар үлкен, кішкентай болады)</i> -Балық туралы тағы не айта аласыңдар? <i>(балалардың жауаптары)</i>
2.2,	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (балықты) қарастыру. Геометриялық пішіндерді дұрыс атау -Балалар, мына балықтың несі бар? <i>(балықтың басы,көзі, қанаттары, құйрығы бар).</i>  -Балықтың денесі қандай пішінге ұқсайды? <i>(балықтың денесі сопақшаға ұқсайды)</i> -Балықтың қанаттары мен құйрығы, тұмсығы қандай пішінге ұқсайды? <i>(балықтың қанаттары мен құйрығы, тұмсығы үшбұрышқа ұқсайды)</i> -Балықтың көзін қандай геометриялық пішінен жасауға болады? <i>(балықтың көзін дөңгелектен жасауға болады)</i>
2.3	Сергіту сәті «Балық» Жып жылы суда, Балық жүзеді. Біресе керіледі, Біресе созылады. Біресе жиырылады, Біресе құмға кіреді. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар балықты сұлбасын жасау үшін алдымен сопақша пішінді қоямыз. Бұл балықтың денесі. Енді үшбұрыш пішінді сопақшаның екі жағынан үшбұрышты қоямыз. Бұл балықтың қанаттары. Енді балықтың құйрығын жасау үшін сопақшаға тағы бір үшбұрышты қоямыз. Бұл балықтың құйрығы.. Міне біздің әдемі қоянымыз дайын болды
2.5	Саусақ жаттығуы Бас бармағым, бауға барды. Сұқ саусағым ,суға барды. Орган саусақ ,орақ орып, Аты жоғым, ағаш жарды. Жұмсамапты алақаным, Тек кішкентай шынашақты. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау, бағалау.


№ 16 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Аквариумдағы көңілді балықтар
Мақсаты	Балаларды аквариумдағы балықтардың тіршіліктерімен таныстыру. Балық туралы білімдерін тереңдету. Тірі табиғатқа деген қызығушылықтарын, сүйіспеншіліктерін арттыру, әсемдіктің сезіне білуге оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	«Балық-рыба», «желбезек –жабры»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Балықтар жайлы білу керек. Қалыптасқан әдет: геометриялық пішіндер көмегімен балықтар пішінін құрастыру дағдыларын қалыптастыру Істей біледі: геометриялық пішіндер мен балықтардың әртүрін құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Әңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (үшбұрыш, дөңгелек, шарты дөңгелек, дөңгелектің төрттен үш бөлігі)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Күлімдеген баламыз, Жұлдыз болып жанамыз! Ұқыпты әр істе, Келгенінше шамамыз.
2. Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз. Жұмбақ. Жер бетіне бір шықпас, Су түбінде тұншықпас. Сөйлемейлі, үндемейді, Пісірсе оны кім жемейді? <i>(балық)</i>
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (балықтарды) қарастыру -Балалар, балықтар қайда өмір сүреді? <i>(суда)</i> -Ұй жағдайында балықтар қайда өмір сүреді? <i>(аквариумда)</i> -Балалар, мына суреттен нелерді көріп тұрсындар? <i>(балықтарды).</i>  -Осындай әдемі балықтар жасау үшін қандай геометриялық пішіндер керек. <i>(үшбұрыш, дөңгелек, шарты дөңгелек, дөңгелектің төрттен үш бөлігі)</i> - Бірінші балықтың денесі қандай пішінге ұқсайды? <i>(үшбұрышқа ұқсайды)</i> - Балықтың көзі қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке ұқсайды.)</i> -Құйрығы қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелектің төрттен үш бөлігіне ұқсайды)</i> - Екінші балықтың денесі қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке ұқсайды)</i> - Қанаттары қандай пішінге ұқсайды? <i>(жарты дөңгелек пішінге ұқсайды)</i> - Құйрығы қандай пішінге ұқсайды? <i>(үшбұрышқа ұқсайды)</i> - Балықтың көзі қандай пішінге ұқсайды? <i>(дөңгелекке ұқсайды.)</i>
2.3.	Сергіту сәті « Балық» Балық суда жүзеді, Өте таза жылы су.

	Бірде жазылады, Бірде жиырлады. Сөйтіп құмға тығылады. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4	Жұмыс тәртібін түсіндіру. Бірінші балалар,бір балықты жасаймыз Бірінші балықты жасау үшін үшбұрышты қоямыз. Осы үшбұрыштың үстіне кішкене дөңгелек қоямыз.Бұл көзі. Енді үшбұрышқа түйістіріп дөңгелектің төртен үш бөлігін қоямыз.Бұл балықтың құйрығы. Екінші балықты жасау үшін бірінші дөңгелек пішінді қоямыз. Осы дөңгелек пішінің алдыңғы жағына екі кішкене дөңгелектерлі бір – бірінен сәл алшақтау орналастырамыз.Бұл көзі. Енді осы дөңгелек пішінің үстіне жарты дөңгелек қанаттарын жапсырамыз. Балықтың құйрығын жасау үшін үшбұрыш пішінді қоямыз. Міне біздің акваримудакғы әдемі балықтарымыз дайын болды.
2.5	Саусақ жаттығуы Бас бармағым, бауға барды. Сұқ саусағым ,суға барды. Ортан саусақ ,орақ орып, Аты жоғым, ағаш жарды. Жұмсамапты алақаным, Тек кішкентай шынашақты. <i>(саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)</i>
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау


№ 17 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Әдемі гүл
Мақсаты	Геометриялық пішіндер көмегімен гүлдің бейнесін жасауға үйрету. Әдемілікті сезіне білуге,талғамдарының жетілуіне ықпал ету. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бастаған ісін аяқтай білуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру..
Сөздік жұмыс.	«Гүл- цветок», «сабағы –стебель»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Гүл туралы білу керек.
	Қалыптасқан әдет: Геометриялық пішіндерден гүл құрауға дағдыланып келеді.
	Істей біледі: Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауды,кеңестікте дұрыс орналастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекіліктер, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (үлкен және кішкене дөңгелектер, тіктөртбұрыш, ромб)
1.Кіріспе бөлім	.
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	«Сурет салсам-гүл саламын, Гүлге толып алаңым»-деймін мен. «Сурет салсам-күн саламын, Күндей күліп тұрса маңым»-деймін мен.

	«Сурет салсам-қала салам, Болсын барлық баласы аман»-деймін мен, «Сурет салсам-Адам салам, Қорған болсын,маған,саған»-деймін мен.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз. Жұмбақ Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Үзуге адам қимайтын, Бұл не екен,балалар? (гүл)
2.2,	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгі (гүлді) қарастыру. -Балалар,мынау не?(бұл гүл)  -Балалар,гүл жасау үшін бізге қандай геометриялық пішіндер керек?(тіктөртбұрыш, үлкен және кішкентай дөңгелектер, ромб) Гүлдің сабағы қандай пішінге ұқсайды? (тіктөртбұрышқа ұқсайды). - Гүлдің жапырағы қандай пішінге ұқсайды? (жапырақтары ромб пішінге ұқсайды). -Гүлдің дестесі қандай пішінге ұқсайды? (гүлдің дестесі үлкен дөңгелекке ұқсайды) -Гүлдің күлтешелері қандай пішінге ұқсайды?(күлтелері дөңгелекке ұқсайды).
2.3	Сергіту сәті «Гүл» Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам, Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам (балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)
2,4	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, бірінші гүлдің дестесін жасау үшін үлкен дөңгелекті қоямыз. Енді осы үлкен дөңгелектің жан-жағына кішкене дөңгелектерді қоямыз. Бұл гүлдің күлтешелері. Гүлдің сабағын жасау үшін үлкен дөңгелектің астына тігінен тіктөртбұрышты қоямыз. Осы гүлдің сабағының екі жағына екі ромб пішіндерді қоямыз. Бұл гүлдің жапырағы. Міне біздің әдемі гүліміз дайын болды.
2.5.	Саусақ жаттығуы Бала, бала, балақан. Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнап (саусақ жаттығуын тәрбиешінің көрсетуімен орындайды)
2.6	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету

3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау
---------------	----------------------

№ 18 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	Қанқыз
Мақсаты	Балаларды пішіндер көмегімен (жарты дөңгелек, тіктөртбұрыш) қанқыз жасауға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Әдемілікті сезінуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру, түстерді үлесімді орналастыра білуге дағдыландыру.
Сөздік жұмыс.	«Қанқыз – божья коровка», «Қызыл - красный»
Болжамды нәтиже	Білу керек; Қанқыз туралы білу керек. Қалыптасқан әдет: Қанқызды геометриялық пішіндер көмегімен құрасту дағдыларын қалыптастыру. Істей біледі: Қанқызды геометриялық пішіндер арқылы құрастыра біледі.
Көрнекілік материалдар	Өңгімелесу, көрнекілікті қарастыру, ғажайып сәт, шаттық шеңбері, сергіту сәті.
Үлестірмелі материалдар	Геометриялық пішіндер (жарты дөңгелек, тіктөртбұрыш,)
1. Кіріспе бөлім	
1.1.	Ұйымдастыру кезеңі
1.2.	Шаттық шеңбер Барлық жанға жолыққан, Амандасып жүргейсің. Адамдықты ту етіп, Адал өмір сүргейсің..
2 .Негізгі бөлім	
2.1	Көркем сөз «Табиғат» Табиғат біздің анамыз, Жер-Ана біздің панамыз. Таза болса табиғат Біз де аман боламыз. Бұтақтарды сындырмай, Тазалықты сақтайық. Гүл өсіріп, су құйып, Табиғатты қорғайық
2.2	Көрнекілікпен жұмыс. Үлгіні (қанқызды) қарастыру -Балалар, мынау не? (қанқыз) -Қанқыздың қанаттарының түсі қандай? (қызыл.) -Балалар қанқыздың басы қандай пішінге ұқсайды? (жарты дөңгелекке.) - Мұртшалары қандай пішінге ұқсайды? (тіктөртбұрышқа) - Қанаттары қандай пішінге ұқсайды? (жарты дөңгелекке) 
2.3.	Сергіту сәті Шарсаңдар, балалар,

	Қолдарыңды созыңдар, Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер, Денелерің шынықсын Саналарың тынықсын. <i>(балалар сергіту сәттің мазмұнына байланысты тәрбиешімен бірге іс-қимыл қозғалыстар жасайды)</i>
2.4.	Жұмыс тәртібін түсіндіру Балалар, біз қызыл түсті қанқыздың қанаттарын құрастырамыз. Ол үшін екі қызыл түсті жарты дөңгелекті қоямыз – Бұл қанаттары. Осы жарты дөңгелекке түйістіріп сары түсті жарты дөңгелек қоямыз, бұл қанқыздың басы. Осы сары түсті жарты дөңгелектің үстіне қара түсті екі дөңгелек қоямыз. Енді жарты сары түсті дөңгелекке түйістіріп екі қара тіктөрбұрыш қоямыз, бұл қанқыздың мұртшасы.
2.5	Өздік әрекет. Жекеленген балаларға көмек көрсету
3. Қорытынды.	Жұмыстарды тамашалау

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Әдістемелік құрал 2+ .Ф.Қ.Омарбекова,Т.В.Шумаева, Г.Қ. Бектұрова.

Әдістемелік құрал 3+ Қ.Н. Қойбағарова

Интернет-ресурс https://ust.kz/word/qurastyry_sabaq_taqyryby_kitapsa-128022.html

<https://multiurok.ru/files/kitap-ku-rastyru.html>

<http://internet-konkursy.com/uroki/balabaksha-aulasyna-saiaxat/>

<https://infourok.ru/teh-karta-applikaciya-2800533.html>

